

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ
ТАБИҒИ РЕСУРСТАР МИНИСТРЛІГІ**

«Қазгидромет» РМК



**Тау өзендері бойынша гидрометеорологиялық ақпараттар №22
(Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің күнделікті бюллетені)**

«03-05» маусымға 2023 ж.

(бюллетеннің әрекет ету аралығы «02» маусым күні 21 сағаттан «05» маусым күні 21 сағ. дейін 2023 ж.)

құрастырылған уақыты: 02.06.2023 ж.

Мекен жайы : Астана қ., Мәңгілік ел, 11/1
Алматы қ., Абай көшесі, 32

Кезекші синоптик:	Калманбаева Р.	тел.: 8(7172) 79-83-75	e-mail: ukpp@meteo.kz
Кезекші инженер-гидролог:	Мажен У.	тел.: 8(7172) 79-83-94	e-mail: moldagalieva_a@meteo.kz
СҮЗСББ басшысы:	Яфязова Р.	тел.: 8(727) 267-64-87	e-mail: seli@meteo.kz

**2023 жылғы «03» маусымға
ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы**

Іле Алатау	Күндіз аздаған өткінші жаңбыр (0,2-0,9), найзағай. Шығыс желі 9-14, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 2-7, күндіз 15-20 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 0-5, күндіз 8-13 градус жылы.
Күнгеі Алатау	Күндіз аздаған өткінші жаңбыр (0,2-0,9), найзағай. Шығыс желі 9-14, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 18-23 градус жылы.
Теріскей Алатау	Күндіз аздаған өткінші жаңбыр (0,2-0,9), найзағай. Шығыс желі 9-14, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 18-23 градус жылы.
Жетісу Алатау	Күндіз кей жерлерде аздаған жаңбыр (0,0-0,9). найзағай. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 2-7, күндіз 15-20 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 1-6, күндіз 13-18 градус жылы.
Қырғыз Алатау	Жауын-шашынсыз. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 6-11, күндіз 21-26 градус жылы болады.
Талас Алатау (Жамбыл облысы)	Жауын-шашынсыз. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 6-11, күндіз 21-26 градус жылы болады.
Талас Алатау (Түркістан облысы)	Жауын-шашынсыз болады. Шығыстан, оңтүстік-шығыстан жел соғады, күші 8-13 м/с. Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 18-23 градус жылы.
Өгем жотасы	Жауын-шашынсыз болады. Шығыстан, оңтүстік-шығыстан жел соғады, күші 8-13 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 22-27 градус жылы.
Маңғыстау таулары	Жауын-шашынсыз. Жел солтүстік-шығыстан, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 20-25, күндіз 32-37 градус жылы.
Сауыр	Жауын-шашынсыз. Жел шығыстан соғады 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 2-7, кей жерлерде 12, күндіз 17-22, кей жерлерде 27 градус жылы.
Тарбағатай	Жауын-шашынсыз. Жел шығыстан соғады 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 25-30 градус жылы.
Қазақстандық Алтай	Жауын-шашынсыз. Жел шығыстан соғады 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 5-10, кей жерлерде 13, күндіз 22-27, кей жерлерде 17 градус жылы.

2023 жылғы "04-05" маусымға арналған ҚР таулы аумағы бойынша консультативтік болжам

Алматы облысы: 04 маусымда өткінші жаңбыр жауады, кей уақыттарда қатты жаңбыр (0,0-20 мм), 05 маусымда өткінші жаңбыр жауады (0,0-10 мм). Ауа температурасы 04-05 маусымда түнде 5-10 градус жылы, күндіз 18-23 градус жылы болады.

Жетісу облысы: 04-05 маусымда өткінші жаңбыр жауады (0,0-10 мм). Ауа температурасы 04-05 маусымда түнде 5-10 градус жылы, күндіз 18-23 градус жылы болады.

Жамбыл: 04-05 маусымда күндіз өткінші жаңбыр жауады (0,0-7 мм). Ауа температурасы 04-05 маусымда түнде 10-15 градус жылы, күндіз 20-25 градус жылы болады.

Түркістан: 04-05 маусымда жауын-шашынсыз. Ауа температурасы 04-05 маусымда түнде 8-13 градус жылы, күндіз 04 маусымда 18-23, 05 маусымда 22-27 градус жылы болады.

Маңғыстау: 04-05 маусымда жауын-шашынсыз. Ауа температурасы 04 маусымда түнде 12-17 градус жылы, күндіз 23-28 градус жылы, 05 маусымда түнде 15-20 градус жылы, күндіз 25-30 градус жылы болады.

Абай: 04-05 маусымда жауын-шашынсыз. Ауа температурасы 04 маусымда түнде 7-12 градус жылы, күндіз 22-27 градус жылы, 05 маусымда түнде 10-15 градус жылы, күндіз 23-28 градус жылы болады.

Шығыс-Қазақстан: 04-05 маусымда жауын-шашынсыз. Ауа температурасы 04 маусымда түнде 7-12 градус жылы, күндіз 22-27 градус жылы, 05 маусымда түнде 10-15 градус жылы, күндіз 23-28 градус жылы болады.

2023 жылғы 02 маусымдағы жағдай бойынша Іле Алатауының таулы өзендеріне шолу

Өткен тәулікте аралығында Іле Алатауының таулы өзендерінде су деңгейінің ауытқуы байқалды. Қаскелен өзені – Қаскелен ГБ 1 см-ге, Талғар өзені – Талғар ГБ 1 см-ге су деңгейінің көтерілуі байқалды. Таудағы температуралық фон 1 °С мәнінен 17 °С оң мәні аралығында сақталады. Таңертеңгі сағат 6-да нөлдік изотерма 3594 м биіктікте болды.

**Іле Алатауының таулы өзендерінің режимі туралы мәліметтер
2023 ж. "02" маусымға**

№	Өзен	Пункт	Биіктік. м	Ауа температурасы. °С			Жауын-шашын. мм		Су деңгейі. см		Су өтімі. м3/с			Тәуліктегі су деңгейінің өзгерісі (8 сағ.). см	Лай-лылық
				Макс. 01.06.	Мин. 02.06.	08 с. 02.06.	Күн. 01.06.	Түн. 02.06.	Орт. 01.06.	08 с. 02.06.	Орт. 01.06.	Макс. 01.06.	08 ч 02.06.		
1	Кіші Алматы	Мыңжылқы МС	3017	8.0	1.2									*	
2	Кіші Алматы	Мыңжылқы ГБ**	3017											*	
3	Кіші Алматы	Тұйықсу а/б ГБ	2466			6.00			600	600			0	*	
4	Кіші Алматы	Шымбұлақ МС	2200	14.0	7.5									*	
5	Кіші Алматы	Сарысай ГБ	1928			9.00			253	253	0.96	0.96	0.96	0	
6	Кіші Алматы	Медеу ГБ	1700			9.00			97	97				0	
7	Батарейка	Просвещенец д/ү ГБ	1569			14.0			53	53	0.19	0.19	0.19	0	
8	Кіші Алматы	Алматы қ. ГБ	1179			11.0			188	188	1.51	1.51	1.51	0	
9	Бұтақ	Бұтақ а. ГБ	1475			14.0			249	249				0	
10	Үлкен Алматы	Көлден 1.1 км биіктіктегі ГБ	2654			4.00			307	305	0.79	0.83	0.74	0	
11	Үлкен Алматы	Проходной ө. сағасынан 2 км жоғары ГБ	1471			10.0			258	258				0	
12	Құмбел	сағасы ГБ	2150			9.00			71	70				0	
13	Проходная	сағасы ГБ	1422			12.0			279	278	1.83	1.88	1.79	0	
14	Терісбұтақ	сағасы ГБ	1362			11.0			208	208	0.28	0.28	0.28	0	
15	Қаскелен	Қаскелен қ. ГБ	1133			17.0			280	280	3.54	3.62	3.62	+1	
16	Түрген	Таутүрген а. ГБ	1054			15.0			111	113	3.95	4.32	4.32	0	
17	Есік	Есік қ. ГБ	1279			15.0			187	187				0	
18	Талғар	Талғар қ. ГБ	1199			13.0			291	292				+1	
19	Үлкен Алматы көлі	Көлдің солтүстік жағалауындағы ГБ	2500	11.2	2.5				-181	-188				-13	
20	Баянкөл	Баянкөл а. ГБ	2169												
21	Көктал	Аралтөбе а. ГБ	1630			18.0			249	250	12.0	13.0	12.5	+5	
22	Мерке	Улбутуй қыс. ГБ	1026			18.0			111	110	2.36	2.52	2.30	+1	

Ескертпе:

*_-деректер жок

**-өзен қатып қалды

Қазақстан аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы Кеңес беру
«03-05» маусымға 2023 ж.

Облыстар	Сел қауіпті аудандар	Гидрометеорологиялық жағдай
Алматы	Іле Алатауы	<p>Маусымдық қар сызығы 3000 м биіктіктен аздап жоғары орналасқан. Салыстырмалы түнгі төмен ауа температураларына байланысты қар жамылғысының еруі баяулады. Орта таулы аймақта топырақтың ылғалдануы жоғары. 03 маусымда күндіз аздаған өткінші жаңбыр (0,2-0,9 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.</p> <p>04 маусымда өткінші жаңбыр жауады, кей уақыттарда қатты жаңбыр (0-20 мм). Селдің пайда болуы жоққа шығарылмайды, өйткені ол жаңбырдың қарқындылығына және ұзақтығына байланысты. Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз. Кіші және Үлкен Алматы өзендерінің алаптары үшін жауын-шашын мөлшері критикалық мөлшерден асса, дауылды ескерту беріледі.</p> <p>05 маусымда өткінші жаңбыр жауады (0-10 мм). Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.</p>
	Күнгеі Алатауы	<p>Маусымдық қар сызығы шамамен 3000 м биіктікте орналасқан. Салыстырмалы түнгі төмен ауа температураларына байланысты қар жамылғысының еруі баяулады. 03 маусымда күндіз аздаған өткінші жаңбыр (0,2-0,9 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 04 маусымда өткінші жаңбыр жауады, кей уақыттарда қатты жаңбыр (0-20 мм). Селдің пайда болуы жоққа шығарылмайды, өйткені ол жаңбырдың қарқындылығына және ұзақтығына байланысты. Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз. 05 маусымда өткінші жаңбыр жауады (0-10 мм). Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.</p>
	Теріскей Алатау	<p>Маусымдық қар сызығы шамамен 3000 м биіктікте орналасқан. Салыстырмалы түнгі төмен ауа температураларына байланысты қар жамылғысының еруі баяулады. 03 маусымда күндіз кей жерлерде аздаған жаңбыр (0-0,9 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 04-05 маусымда өткінші жаңбыр жауады (0-10 мм). Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.</p>
Жетісу	Жетісу Алатауы	<p>Маусымдық қар сызығы шамамен 3000 м биіктікте орналасқан. Салыстырмалы түнгі төмен ауа температураларына байланысты қар жамылғысының еруі баяулады. 03 маусымда күндіз кей жерлерде аздаған жаңбыр (0-0,9 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 04-05 маусымда өткінші жаңбыр жауады (0-10 мм). Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.</p>
Жамбыл	Қырғыз Алатауы	<p>Маусымдық қар сызығы шамамен 3000 м биіктіктен аздап жоғары орналасқан. Қар жамылғысының еруі жалғасуда. 03 маусымда жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 04-05 маусымда күндіз өткінші жаңбыр жауады (0-7 мм). Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.</p>
	Талас Алатауы	
Түркістан	Талас Алатауы	<p>Маусымдық қар сызығы шамамен 3000 м биіктіктен аздап жоғары орналасқан. Қар жамылғысының еруі жалғасуда. 03-05 маусымда жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.</p>
	Өгем жотасы	

Маңғыстау	Маңғыстау таулары	03-05 маусымда жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Абай	Тарбағатай	Орта таулы аймақтың негізгі бөлігі қар жамылғысынан босанды. Қар жамылғысының еруі жалғасуда. 03-05 маусымда жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Шығыс Қазақстан	Сауыр	Орта таулы аймақтың негізгі бөлігі қар жамылғысынан босанған жоқ. Қар жамылғысының еруі жалғасуда. 03-05 маусымда жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Қазақстандық Алтай	

!!! Ескерту: Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз (5 Қосымша).

Сел қауіптілігінің белгілері және Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

Тауларға баруды және тауда болуды жоспарлау кезінде ауа райы болжамын ескеру және дауылды ескертулерді қадағалау, сұрапыл апат қауіптілігіне уақытылы әрекет ету қажет.

Сел ағынының тереңдігі 40-50 м жетуі мүмкін, ағынның қозғалу жылдамдығы-5-10 м/с және одан жоғары (жекелеген жағдайларда 15-20 м/с дейін) болады. Егер адам сел тасқынына түссе, өлімге алып келуі сөзсіз, сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтау ерекше мәнге ие болады.

Күшті жауын-шашынның түсуінен туындаған сел қауіптілігінің белгілері

- ✓ Өзендегі судың шығыны мен лайлылығының күрт артуы.
- ✓ Өзен арнасының жоғарғы бөлігінде балшық шаңы бұлтының және гүрілдің пайда болуы.
- ✓ Селге жақын жерде топырақ беткейін шайқау.

Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

- ✓ Өзен арнасына, құрғақ арнаға және көл бөгетіне жақын жерде демалуға және шатырлы лагерь құруға болмайды.
- ✓ Бақылаушыны алға қойыңыз, сонда ол алда не болып жатқанын көреді және төнген қауіп туралы ескертеді, сонымен қатар өзеннен су алуға барғанда.
- ✓ Сұйық жауын-шашынның қарқынды түсуі және сел қауіптілігінің басқа да белгілері кезінде өзен арнасынан (жайылмасынан), құрғақ арнадан алыстау және аңғардың баурайы бойынша 40-50 м жоғары көтерілу.
- ✓ Сел өткен кезде одан өзен арнасының бойымен қашуға болмайды, аңғардың баурайы бойымен 40-50 м жоғары көтерілу керек (сел тасқынынан тастар ұшуы мүмкін).
- ✓ Тік жартастар мен тік беткейлердің астында тоқтамаңыз (топырақ беткейінің шайқалуынан, сел жақын жерде, құламалар мен тастың түсуі болуы мүмкін).
- ✓ Сел өткеннен кейін өзен арнасына түспеу, өйткені арнада сел қайта қалыптасу мүмкін.
- ✓ Сел жүріп өткеннен соң беткейлердің сырғуынан, үзілген немесе салбырап тұрған электр сымдарынан, бүлінген газ магистралынан абай болған жөн.